

БЕКІТІЛДІ

«М.Х. Дулати атындағы Тараз
университеті» Ке АҚ
директорлар Кеңесінің
(24.12.2024 жылғы №1 хаттама)
шешімімен






**«М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ, МАГИСТРАНТТАРЫНЫҢ,
ДОКТОРАНТТАРЫНЫҢ ОҚУ АҚЫСЫН
ТӨЛЕУ БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІКТЕР
БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕ»**

Тіркеу № _____

Тараз 2024

© М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және/немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1.ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Басқарма мүшесі – әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.	 /қолы/	24.12.2024 ж.
	Экономика және құқық факультетінің деканы Ернишев Қ.А.	 /қолы/	24.12.2024 ж.
	Заң қызметінің басшысы Самбетов С.Т.	 /қолы/	24.12.2024 ж.
	Әлеуметтік жұмыс басқармасы басшысы Ұлтанбаев А.Б.	 /қолы/	24.12.2024 ж.
	«Сұңқар» спорт клубы төрағасы Джылысбаев Д.Б.	 /қолы/	24.12.2024 ж.
2.ЕНГІЗІЛДІ	Әлеуметтік жұмыс басқармасымен		
3.ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	5 жыл		
4.ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	Алғаш рет		
5.ТАРАТУ	Факультеттерге, кафедраларға, құрылымдық бөлімдерге		
6.БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	БЕКІТІЛДІ: «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ директорлар Кеңесінің шешімімен («24» 12 2024 жылғы № 1 хаттама).		

Бұл құжат М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Басқарма Төрағасы - Ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көбейтілмейді және таратылмайды.



Мазмұны

1.	Қолдану саласы	4
2.	Нормативтік сілтемелер	4
3.	Терминдер	5
4.	Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5.	Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер беру тәртібі	6
6.	Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер беру шарттары.....	6
7.	Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер беру үшін қажетті құжаттар.....	9
8.	Сақтау/Тарату	10
9.	Қорытынды ереже.....	10
10.	Келісу парағы	11
11.	Танысу парағы	11



1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Ереже, ақылы білім алу негізінде М.Х. Дулати атындағы Тараз университетіне қабылданған білім алушылардың кейбір санаттарына меншікті қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер тағайындау шарттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

1.2. Жеңілдіктер беру мақсаты – түрлі әлеуметтік топтарға білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету, әлеуметтік әділеттілікті арттыру және студенттердің қоғамдық белсенділігін ынталандыру.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ереже төмендегі көрсетілген Қазақстан Республикасының Заңнамаларында және нормативтік-құқықтық құжаттарының талаптары мен принциптерін ескере отырып дайындалды:

2.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыз);

2.2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілде № 319-III);

2.3. Қазақстан Республикасында «Әлеуметтік Кодексі» (2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ);

2.4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 27 маусымдағы № 257 бұйрығы (2023 жылы 29 маусымда № 32921 болып тіркелген);

2.5. Қазақстан Республикасының «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V);

2.6. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы (2023.14.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

2.7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы);

2.8. Қазақстан Республикасы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V);

2.9. «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» Ке АҚ Жарғысы;

2.10. М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы;

2.11. М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма төрағасы-Ректорының 2023 жылы 4 мамырда бекіткен «Университет оқытушылары, қызметкерлері, мен білім алушыларының академиялық адалдық ережесі».

3. ТЕРМИНДЕР

3.1. Комиссия – оқу жылында екі рет (2 рет) шақырылатын, университет қызметкерлері тарапынан құралған ақы төлеуді көздемейтін алқалы орган;

3.2. Әлеуметтік жеңілдік – ақылы негізінде білім алушылардың (күндізгі бөлім) әлеуметтік жағдайына байланысты аталмыш Ережемен белгіленген білім беру бағдарламаларының төлемақысын төмендетудің пайыздық көрінісі;

3.3. Оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер – комиссия шешімі негізінде Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен берілетін жеңілдік;

3.4. Магистрант – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің КеАҚ магистратура бағдарламалары бойынша білім алушысы;

3.5. Докторант – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің КеАҚ PhD бағдарламалары бойынша білім алушысы;

3.6. Қызметкер – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің КеАҚ қызметкері.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

4.1. Университеттің осы Ережесі М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің КеАҚ Директорлар кеңесімен бекітілген.

4.2. Ережеде көрсетілген талаптарды енгізу жауапкершілігі Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға оқу ақысын төлеуге қатысты жеңілдіктер беру жөніндегі» арнайы құрылған комиссияға жүктелген.

4.3. Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру жөніндегі» комиссияның (бұдан әрі –комиссия) сандық және жеке құрамын, сондай-ақ оның өкілеттік мерзімдерін Басқарма Төрағасы – Ректор бекітеді.

4.4. Комиссия келесі құрамда құрылады:

4.4.1. Университеттің Басқарма мүшесі-Проректор;

4.4.2. Институт директорлары, факультет декандары;

4.4.3. Құрылымдық бөлім басшылары (Тіркеу офісі, Әлеуметтік жұмыс басқармасы, Спорт клубы, Заң қызметі, Студенттер қозғалысын есепке алу бөлімі);

4.4.4. Жастар саясатының мәселелеріне жетекшілік ететін өкілі;

4.4.5. Студенттік өзін-өзі басқару органдарының өкілі.

4.5. Комиссияның төрағасы болып университетте әлеуметтік мәселелер жөніндегі жұмыстарға басшылық ететін проректор тағайындалады.

4.6. Комиссия жұмысының негізгі міндеттері мен құқықтары:

4.6.1. Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға оқу ақысына жеңілдік беруге ұсынылған құжаттарды қарастыру;

4.6.2. Өтініштерді жан-жақты және жария түрде қарау, сондай-ақ олардың қорытындылары бойынша білім алушылардың құқықтары мен мүдделеріне қысым жасамайтын шешімдер қабылдау;

4.6.3. Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға оқу ақысына жеңілдік беру немесе осы ереже талаптарына сәйкес болмаған жағдайда жеңілдік қарастырмау;

4.6.4. Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға оқу ақысына берілген жеңілдіктен қойылған талаптар орындалмаған немесе академиялық адалдық ережесін бұзған жағдайда жеңілдік алу құқығынан айыру;

4.6.5. Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттерге оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер беру жөніндегі комиссия отырысының қорытындысы бойынша шешімдер шығару;

4.6.6. Ұсынылатын жеңілдіктер, өтініштерге қоса берілетін анықтамалардың дұрыстығы үшін комиссия мүшелері жауапты болады.



5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРУ ТӘРТІБІ

5.1. Білім беру бағдарламалары бойынша Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттерге оқу ақысына жеңілдік беру жөнінде студенттерге хабарлау, кеңес беру жұмыстарын деканат жүзеге асырады.

5.2. Институт директоры және факультет декандары білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысына жеңілдік алуға үміткерлердің қажетті құжаттарын жинақтап, комиссия қарауына ұсынады.

5.3. Шартты түрде оқуға қабылданған студент тестілеу нәтижесі бойынша шекті балл жинап толыққанды студент қатарына қабылданған жағдайда ғана жеңілдік алуға өтініш бере алады.

5.4. Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттерге оқу ақысына жеңілдік алуға үміткерлердің қажетті құжаттарын арнайы құрылған комиссия талқылайды, комиссия отырысының хаттамалық шешімін Басқарма Төрағасы-Ректорға ұсынады.

5.5. Жеңілдіктер тек Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі. Қазақстанда тұруға ықтияр хаты бар тұлғалар жеңілдік алуға үміткер бола алмайды.

6. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРУ ШАРТТАРЫ

№	Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру санаттары	Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысына жеңілдіктер мөлшері % (пайыз)	Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру мерзімі	Ескерту
6.1.	«Алтын белгі» иегерлері болып табылатын мектеп түлектері	100 %	бір оқу жылы	Алтын белгі иегерінің төсбелгісі және ұлттық бірінғай тестілеуінен 100 балл кем емес сертификатының болуы шарт. Егер студент («Алтын белгі» иегері) қысқы және көктемгі сессияны еш қарызсыз А, А-бағалармен аяқтаған жағдайда оқу ақысына жеңілдік келесі оқу жылына беріледі
6.2.	Ата-анасы жоқ (тұл жетім) студенттерге	100%	оқудың барлық кезеңіне	Ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесін комиссияға ұсыну. Студент екінші жоғары білім алу үшін оқуға түскен, тұрмыс құрған/үйленген жағдайда жеңілдік қарастырылмайды

6.3.	Қамқоршылары бар жетім студенттерге	50%	оқудың барлық кезеңіне	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалғанын растайтын құжатты комиссияға ұсыну. Студент екінші жоғары білім алу үшін оқуға түскен, тұрмыс құрған/үйленген жағдайда жеңілдік қарастырылмайды
6.4.	Ата-анасының біреуі жок (жартылай жетім)	20%	оқудың барлық кезеңіне	Ата-анасының бірінің қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесін комиссияға ұсыну. Студент екінші жоғары білім алу үшін оқуға түскен, тұрмыс құрған/үйленген жағдайда жеңілдік қарастырылмайды
6.5.	I топтағы мүгедек студенттерге	100%	бір оқу жылы	Мүгедектігі туралы анықтама мерзімсіз болған жағдайда жеңілдік оқудың барлық кезеңіне беріледі
6.6.	II топтағы мүгедек студенттерге	50%	бір оқу жылы	
6.7.	III топтағы мүгедек студенттерге	30%	бір оқу жылы	
6.8.	Ата-анасының екеуіде I топтағы мүгедектігі бар отбасылардан шыққан студенттерге	20%	бір оқу жылы	
6.9.	18 жасқа толмаған 5 және одан да көп баласы бар отбасылардан шыққан студенттерге	10%	бір оқу жылы	Отбасы құрамы туралы анықтама және олардың туу туралы куәліктерін комиссияға ұсыну
6.10	Олимпиадалық спорт түрлері бойынша: Олимпиада, Азия ойындары	I,II,III –орын 100 % -дейін	бір оқу жылы	• Кестеде көрсетілген жарыстардан басқа халықаралық, республикалық жарыстар есепке алынбайды. • Өңірлік спорт басқармасынан спорт шебері атағының бар екендігін растайтын анықтама комиссияға ұсынылуы тиіс. • Құжаттар келесі жарысқа дейін жарамды (диплом, грамоталар)
6.10.1	Әлем чемпионаты, кубогы. Әлемдік Универсиада (ересектер)	1 орын – 100 %; 2 орын – 75 %; 3 орын – 50 %;	бір оқу жылы	
6.10.2	Қазақстан чемпионаты (ересектер). ЖОО және Түркі Универсиада, Студенттік спорт лигасы.	1 орын – 50%; 2 орын – 30%; 3 орын – 20%;	бір оқу жылы	
6.10.3	Азия және Европа чемпионаты (ересектер)	1 орын – 75%; 2 орын – 50%; 3 орын – 25%;	бір оқу жылы	
6.11.	Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша: Азия ойындары	1,2,3 –орын 100 % -дейін	бір оқу жылы	• Кестеде көрсетілген жарыстардан басқа халықаралық, республикалық жарыстар есепке алынбайды. • Спорт шебері атағының бар екендігі жөніндегі спорт басқармасынан
6.11.1	Әлем чемпионаты, кубогы. Әлемдік Универсиада (ересектер)	1 орын – 75%; 2 орын – 50 %; 3 орын – 25 %;	бір оқу жылы	
6.11.2	Қазақстан чемпионаты (ересектер). ЖОО және Түркі Универсиада, Студенттік спорт лигасы.	1 орын – 30%; 2 орын – 20%; 3 орын – 15%;	бір оқу жылы	

6.11.3	Азия және Европа чемпионаты (ересектер)	1 орын – 50%; 2 орын – 30%; 3 орын – 20%;	бір оқу жылы	анықтама комиссияға ұсынылуы тиіс. • Құжаттар келесі жарысқа дейін жарамды (диплом, грамоталар)
6.12.	Халықаралық «А» дәрежелі спорттық жарыстардың тізбесі. • Азия-Тынық мұхиты ойындары (сурдо); • "А" санатындағы халықаралық спорттық жарыстар; • Азия және Мұхит чемпионаты (пара,сурдо); • Гран-при, Гранд-Слам жарыстары; • Дүниежүзілік жауынгерлік өнер ойындары; • Дүниежүзілік көшпенділер ойындары; • Дүниежүзілік жағажай ойындары; • Азия жағажай ойындары; • Қазақстан барысы;	Олимпиадалық спорт түрлері бойынша 1 орын – 50%; 2 орын – 40%; 3 орын – 30%; Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша 1 орын – 40%; 2 орын – 30%; 3 орын – 20%;	бір оқу жылы	• Кестеде көрсетілген жарыстардан басқа халықаралық, республикалық жарыстар есепке алынбайды. • Спорт шебері атағының бар екендігі жөніндегі спорт басқармасынан анықтама комиссияға ұсынылуы тиіс. • Құжаттар келесі жарысқа дейін жарамды (диплом, грамоталар)
6.13.	Облыс чемпионаты (спорттық командалық ойындарға)	1 орын – 20%; 2 орын – 15%; 3 орын – 10%;	бір оқу жылы	• Спорт басқармасынан спорт шебері атағының бар екендігі жөніндегі анықтама комиссияға ұсынылуы тиіс.
6.14.	Жастар арасында (20 жасқа дейін). Әлем чемпионаты, кубогы. Азия және Европа чемпионаты	Олимпиадалық 1 орын – 80%; 2 орын – 50%; 3 орын – 30%; Олимпиадалық емес 1 орын – 50%; 2 орын – 30%; 3 орын – 20%;	бір оқу жылы	• Кестеде көрсетілген жарыстардан басқа халықаралық, республикалық жарыстар есепке алынбайды. • Спорт шебері атағының бар екендігі жөніндегі спорт басқармасынан анықтама комиссияға ұсынылуы тиіс. • Құжаттар келесі жарысқа дейін жарамды (диплом, грамоталар)
	Қазақстан чемпионаты	1 орын – 40%; 2 орын – 30%; 3 орын – 20%;	бір оқу жылы	
6.15.	Магистратураға түскен Дулати университетінің түлектеріне	10%	оқудың барлық кезеңіне	Студенттерді есепке алу және қозғалыстар секторынан Дулати университеті студенті анықтамасын комиссияға ұсыну
6.16.	Докторантураға түскен Дулати университетінің түлектеріне	10%	оқудың барлық кезеңіне	Студенттерді есепке алу және қозғалыстар секторынан Дулати университеті студенті анықтамасын комиссияға ұсыну
6.17.	Бір үйден Дулати университетінде оқитын 2 (екі) немесе одан көп	15%	оқудың барлық кезеңіне	Студенттерді есепке алу және қозғалыстар секторынан Дулати

	студенттерге			университеті студенті анықтамасын комиссияға ұсыну
6.18.	ПОҚ-ның әлеуметтік жағдайын жігерлендіру, жоғары деңгейлі кадрлар дайындауда қолдау көрсету және квалификациялық лицензиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында университет қызметкерлеріне екінші жоғары білім алу үшін оқу ақысына берілетін жеңілдіктер	100 % -дейін	оқудың барлық кезеңіне	HR бөлімінен анықтама комиссияға ұсынылуы тиіс - жұмыс өтілі 5 жылдан жоғары болуы қажет; - Студенттің диплом қосымшасындағы GPA көрсеткіші 3.0 кем болмауы қажет
6.19	Дулати университетінің профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің балаларына (студент және магистрант)	1 жылдан 10 жылға дейін -10 %; 10 жылдан 20 жылға дейін -20 %; 20 жылдан 30 жылға дейін -30 %	оқудың барлық кезеңіне	Жұмыс өтіліне байланысты персоналды басқару қызметінен алынған анықтама комиссияға ұсынылуы тиіс
6.20	ҚР ҒЖЖБМ, Дулати университетінің ұйымдастыруымен өткізілген облыстық пәндік олимпиадалардың, интеллектуалдық және шығармашылық байқаулардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздарына (мектеп бітірушілер арасындағы)	100%	бір оқу жылы	Егер студент қысқы және көктемгі сессияны еш қарызсыз А, А-бағалармен аяқтаған жағдайда оқу ақысына жеңілдік келесі оқу жылына беріледі.
6.21	Университетіміздің студенттік декандары мен жастар ұйымдарының төрағасы/төрайымына	100% жеңілдік	бір оқу жылы	Жастармен жұмыс бөлімімен бекітілген іс-шаралар жоспары, жылдық және жартыжылдық есебі, мүшелер тізімі комиссияға ұсынылады. Аталмыш студенттерді жастармен жұмыс бөлімі ұсынады. Жеңілдік 2,3,4,5 курс студенттеріне беріледі.
6.22	Студенттер үйі студенттер кеңесінің төрағасы/төрайымына	30% жеңілдік	бір оқу жылы	Әрбір студенттер үйінде 1 (бір) студент кеңесінің төрағасы/төрайымы болады. Іс-шаралар жоспары, жылдық және жартыжылдық есебі, мүшелер тізімі жастармен жұмыс бөлімімен бекітіліп комиссияға ұсынылады. Жеңілдік 2,3,4,5 курс студенттеріне беріледі.
6.23	Университетіміздің шығармашылық студияларының мүшелерінен құралған «Имидждік топ» құрамындағы студенттерге (50 студент)	30% жеңілдік	бір оқу жылы	«Имидждік топ» мүшелері университетіміздің ауқымды шараларына, кәсіби бағдар жұмысына қатысады. «Имидждік топ» мүшелерін комиссияға студенттердің шығармашылығын дамыту

				орталығы ұсынады. Жеңілдік 2,3,4,5 курс студенттеріне беріледі.
6.24	Дулати университетімен жасалған меморандум аясында ұсынылған студенттерге (5 студент)	100 % -дейін	бір оқу жылы	Егер студент қысқы және көктемгі сессияны еш қарызсыз А, А-бағалармен аяқтаған жағдайда оқу ақысына жеңілдік келесі оқу жылына беріледі

6.24. Бір оқу жылына берілген жеңілдіктер тек сол оқу жылының ішінде, дәлелді себеппен емтихандар тапсырылмаса, жазғы (қосымша) семестрге де жеңілдік беріледі.

6.25. Жеңілдіктердің бірнеше санатына сәйкес келген жағдайда білім алушыға сол санаттар бойынша жеңілдіктер біріктіріліп (қосылып) беріледі.

6.26. Емтихан сессиясының нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары бар, сондай-ақ университеттің ішкі тәртібін «Дулати университетінің оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының академиялық адалдық» ережелерін бұзған студенттер келесі оқу семестрінен жеңілдіктерден айырылады. Осы талаптар кестедегі 6.2, 6.3, 6.4, 6.5, 6.6, 6.7 -тармақтарында көрсетілген білім алушыларға қолданылмайды.

6.27. Жеңілдік алған студенттер міндетті түрде университетімізде өтетін қоғамдық іс-шараларға атсалысуы шарт.

7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

Төлем бойынша жеңілдіктер беру туралы өтініш білдірген әрбір студент төменде көрсетілген құжаттарды тапсырады:

7.1. Басқарма Төрағасы-Ректордың атына жазылған өтініш;

7.2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7.3. Төлем бойынша жеңілдіктер беру негіздерін растайтын анықтамалар:

7.3.1. Ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі (жетім студенттер үшін);

7.3.2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалғанын растайтын құжат;

7.3.3. Бала кездегі мүгедектердің, I, II және III топтағы мүгедектердің мүгедектігін растау туралы анықтама;

7.3.4. 18 жасқа толмаған 5 және одан да көп баласы бар отбасылардан шыққан студенттерге («Күміс алқа» және «Алтын алқа» иегерлері), осы жағдайды растайтын отбасы құрамы туралы анықтама және туу туралы куәлігінің көшірмелері;

7.3.5. Халықаралық жарыстардың (универсиада, олимпиада, Әлем, Азия чемпионаттары) жүлдегерлерінің және Қазақстан чемпионаттарының жеңімпаздарының жүлделі орындарының болуын растайтын құжаттардың көшірмелері, өңірлік спорттық федерациясының мөрімен және оның басшысының қолымен куәландырылған жарыс хаттамаларының көшірмелері;

7.3.6. Студенттік декандар, жастар ұйымдары мен студенттер үйі студенттер кеңесінің төрағасы/төрайымдары жастармен жұмыс бөлімімен бекітілген жылдық жоспарын, атқарылған іс-шаралар есебін, хаттамаларын ұсынады.

7.4. Қажет болған жағдайда өтінішке жеке, сондай-ақ отбасылық жағдайларға байланысты құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері қосымша қоса берілуі мүмкін.

7.5. Құжаттардың дұрыстығына және өтініштердің уақытында берілуіне жауапкершілік студенттердің өзіне жүктеледі.

7.6. Жеңілдік алу мақсатында жалған құжаттар берілсе немесе бұрмалаулар анықталса, студент жеңілдіктен айырылады және университетіміздің әдеп кеңесінің қарауына жіберіледі.

8. САҚТАУ/ТАРАТУ

8.1. Ереженің түпнұсқасы университет заң қызметі басшысында сақталады, көшірмелері тиісті құрылымдық бөлімшелерге/деканаттарға таратылады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

9.1. Ережеге толықтырулар мынадай жағдайда енгізіледі:

- университет құрылымының өзгеруі;
- құрылымдық бөлімше қызметінің өзгеруі;
- қызметкер функцияларының өзгеруі.

9.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

9.3. Ережемен реттелмеген мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешілуі тиіс.

9.4. Ереженің орындалуын бақылау қызметі комиссияның төрағасына жүктеледі, ол оны Университетке қарасты қызметкерлері мен мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, Ереженің орындалуын бақылауды және уақытылы өзектілендіруді қамтамасыз етеді.

9.5. Жоғары білім алу процесінде мемлекеттік білім гранттарын алған студенттерге бұрын берілген гранттар мен жеңілдіктер тоқтатылады.

9.6. Комиссияның шешімі бойынша білім алушыларға берілген барлық жеңілдіктер ағымдағы оқу жылына қолданылады (6.2, 6.3, 6.4, 6.5, 6.6, 6.7 -тармақтарында көрсетілген білім алушыларға қолданылмайды) және олардың үлгерімінің нәтижелері бойынша қайта қарауға жатады.

9.7. Академиялық қарыз болған жағдайда, пәндерді қайта оқу үшін жеңілдіктер білім алушылардың ешбір санатына берілмейді.

9.8. Ережеге сәйкес өтініш білдірген студенттердің оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру жөніндегі комиссия отырысы жылына екі рет қараша/наурыз (күні алдын ала ескертіледі) айларында өткізіледі.

А қосымшасы/Приложение А

(міндетті/обязательное)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ/ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЯ

№	Қызметі/Должность	Аты жөні /Ф.И.О.	Күн/ Дата	Қолы/ Подпись
1	2	3	4	5
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				

9.				
10.				

Б қосымшасы/Приложение Б

(міндетті/обязательное)

ТАРАТУ ПАРАҒЫ/ ЛИСТ РАССЫЛКИ

№	Бөлімнің немесе қызметкердің аты/ Наименование отдела должностного лица	Қызметкердің аты жөні/ Ф.И.О. должностного лица	Дана нөмірі/ Номер экземпляра	Алған күні/ Дата получения	Қолы/ Подпись	Ескерту/ Примечание
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						
8.						
9.						
10.						
11.						
12.						
13.						
14.						

**ВЫПИСКА
из протокола № 1
заседания Совета директоров
некоммерческого акционерного общества
«Таразский университет имени М.Х. Дулати»**

от 24 декабря 2024 г.

ПОВЕСТКА ДНЯ:

7. Об утверждении Положения о предоставлении льгот по оплате за обучение студентам, магистрантам и докторантам некоммерческого акционерного общества «Таразский университет имени М.Х. Дулати».


По итогам рассмотрения данного вопроса Совет директоров путем открытого голосования **РЕШИЛ:**

1. Утвердить Положение о предоставлении льгот по оплате за обучение студентам, магистрантам и докторантам некоммерческого акционерного общества «Таразский университет имени М.Х. Дулати».

Корпоративный
секретарь

М.П.




/подпись/

Шуленбаев Ж.Ж.

